

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша**  
**академиялық комитет мәжілісінің**

**№ 7 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**  
**ж.**

**22.04.2024 ж.**

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АҚ мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Алия» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

**Күн тәртібінде**

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурса ұсыныс әзірлеу
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тындалды:**

**АҚ төрағасы Э.Ж.Халилаева** Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурса ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау және сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**АҚ мүшесі А.А.Жумадуллаева:** ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мәселесі бойынша 6В012020- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу деңгейіндегі білім беру бағдарламасы материалдық-техникалық ресурстарды табысты іске асыру үшін барлық қажетті аудиториялық қормен, мамандандырылған кабинеттермен жеткілікті қамтамасыз етілген. Оқу-әдістемелік құжаттарға кіреді: жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, элективті пәндер каталогі, ПОӘК. Білім беру бағдарламасының мазмұны бағдарлама атауына сәйкес мамандарды даярлаудың кеңдігін және даярлаудың тереңдігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасы нарық пен жұмыс берушілердің қажеттілігін ескере отырып, сондай-ақ МЖМБС және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативті құжаттарының өзгерістерін ескере отырып, жыл сайын жаңартылып отырады. Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында, академиялық комитет отырысында талқыланады, оған жұмыс берушілер мен білім алушылар шақырылады. Кафедрада білім беру бағдарлааларының оқу-әдістемелік кешендері және ЖОО компоненттері мен элективті пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері құрастырылып, үнемі жетілдіріліп отырады.

**АК мүшесі Г.А.Кайбулдаева:** ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 1 қосымша үшін қажетті оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және ғылыми әдебиеттерді сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауын ББ үшін үлкен қолдау екедігіне тоқталды.

**АК мүшесі А.А.Жумадуллаева:** Үшінші мәселе бойынша қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленді.

**АК мүшесі Г.П.Мейрбекова:** ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілігін анықтау қажет екенін айтты. Жеке пәндер бойынша ОПҚ құрамының біліктілігін арттыру кафедрада анықталып, ұсыныс берілді.

**АК мүшесі М.Б.Джаздықбаева:** ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және ғылыми әдебиеттерді сатып алуға тапсырыс дайындау оқу жылының басында да берілген болатын. 2023-2024 оқу жылына да өз мерзімінде 2, 8- қосымшалар қыркүйек айында бекітілген болатын. Бұл қосымша бойынша қажетті әдебиеттер тізімі толық. Ал қазіргі таңда бұл қосымшаның формасы өзгеріп, 1-қосымша деп аталады. Жаңа 1-қосымшада оқу әдебиеті, оқу-әдістемелік құралдар және ғылыми әдебиеттер әлі де толықтыруды талап етеді. ББ пәндерін оқыту барысында жинақтаған оқу материалдарын өңдеп, ОПҚ тарапынан оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар жоспарлап жазылса, ғылыми әдебиеттер жазылса, одан басқа қажет әдебиеттерді сатып алуға ұсыныс дайындалу керек.

**АК төрағасы Э.Ж.Халилаева:** Сәуір айында жоспарланып, атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деңгейде жүзеге асырылды.

Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет.

#### **ШЕШІМ:**

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мәлімет үшін назарға алынсын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілігі анықталып, ұсыныс берілсін.
3. Жаңа 2024-2025 оқу жылына қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленсін.
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және ғылыми әдебиеттерді сатып алуға ұсыныс берілсін.
5. Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

**АК төрағасы:**



**Э.Ж.Халилаева**

**Хатшысы:**



**С.А.Мирзаева**